

# ҚАЗАҚ

www.jasqazaq.kz jas\_qazaq@mail.ru



Мақсұт НӘРІКБАЕВ:

## ҮМІТ - ҮШІНШІ БУЫНДА

Сәрсенбі күні өткен «АйтPARK» қоғамдық-саяси пікір сайыс клубының кезекті қонағы белгілі саясаткер, «Әділет» саяси партиясының төрағасы Мақсұт Нәрікбаев болды. Ол өз партиясының президент сайлауына түспейтінін, парламент сайлауына дайындалатынын мәлімдеді.

**Нұрлан Ерiмбетов:** Сіз Нұрсұлтан Назарбаевты қолдайсыз. Неге басқа да партиялар секілді, «Нұр Отанға» қосылып, билік партиясының бойына қан жүгіртпеске?

## Миллиард

Яновтың хатындағы бас кейіпкер бұрын Ішкі ын пагонсыз басқарған, Мемлекеттік қызмет Агенттікті басқарып, шенеунік атаулыны жусатып ізір терістіктегі алып көршімізде дипломатиялық арып жүрген азамат. Еліміздің Мемлекеттік Ыртық істер министрі Қ.Саудабаев пен Сыбайлас қа қарсы республикалық қоғамдық Кеңес Әбдікәрімовтің атына жазған хатын академия Қ.Зәкіриянов: *«Мое обращение к Вам связано с недавними поступками Посла Республики в Российской Федерации Турибекова З.К...»* птаудан бастады. Бұдан әрі Спорт және Туризм на қарасты «Горельник» турбазасынан айырылып азыпты. Сонымен, хат иесіне жолығып мән-жайға өн көрдік.

*Түлкімізді заңсыз иемденіп алған «Горельник» ілігі шектеулі серіктестігі басшыларының азақстанның қазіргі Ресей Федерациясындағы пбек Тұрысбековтың жақын туыстары бар, күйеубаласы, күйеубаласының шешесі бар, ды әңгімесін Қазақтың Спорт және Туризм*

ының президенті Қайрат Әккіриянов мырза. тімені сәл әріден бастайық. Алатаудың дағы бүгінде күллі әлемге құшағын жайып, ндарын өткізіп жатқан «Медеу» мұзайдыны мен іақ» шатқалының арасында «Горельник» деп жалпы аумағы 4 гектарға жуық туристік база азаның дәл осы Азидаға еш үлес қоса алмағаны і белгілі. Оның себебін, сәл кейінірек түсінерсіз... (дан бері мұнда альпинистер мен тау саяхатшылары ғалатын және осы арқылы шыңдарға шығатын атын. Кейін бұл турбаза Алматы қаласындағы ықтыру институтының студенттеріне пайдалануға Содан 90-жылдардың басына дейін бүкіл і аумағынан осында туристер келіп жататын. Кейін ердің ізі суи бастайды. Ал тәуелсіздіктің алғашқы ындағы тоқырау заманында мұнда шетелден сап лер түгілі өзіміздің саяхатшылардың да легі пышпак ідей тыйылады. Себебі, айтпаса да түсінікті жағдай. і ен алғашқы жекеменшік оқу орындары пайда бола ғанда Дене шынықтыру институты да сол дүрмектен алмапты. 90-жылдардың соңына қарай мемлекет і жоғары оқу орындарын Акционерлік қоғам етіп алы мәселе қарастырады.

(Жалғасы 3-бетте)

**Максұт Нәрікбаев:** журналистер маған бұл сұрақты жиі қояды. Бұрын бізге мұндай ұсыныс түскен. Бірақ біз қосылмадық. Ол кезде партиямызға деген көзқарас әртүрлі еді. Біздің өз келбетіміз, өз бағдарламамыз бар. Біз «Нұр Отанға» қосылсақ, алдымызға қойған мақсат-мүдделерімізден айрылып қалар едік.

**Нұрлан Ерімбетов:** Қазақстандағы партиялардың ерекшелігі бір идеяның емес, бір адамның төңірегіне бірігеді...

**Максұт Нәрікбаев:** Мен Президенттің досымын. Мұны ешқашан жасырған емеспін. Мемлекеттік қызметте жүргенімде бұл туралы тіс жармадым. Қазір қызметтен кеткеннен кейін достық қарым-қатынасымыз айқындала бастады. Қазақта: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», – деген мақал бар. Сондықтан мен осындай ұстанымды таңдадым. Саяси партиялардың мінберін пайдаланып, дос ретінде ғана емес, қоғамымыздың бір бөлігі – біздің партия мүшелерінің көзқарасын жеткізуді ойладым.

*Тіпкіл*



## Ақбақайдың алтыны қат, адамы «жат»

Жамбыл облысы жалпы аумағының 42 пайызын жайлап жатқан Мойынқұм өңірі тұнып тұрған байлық, қазып алынбаған қазына. Соның өзiрге бүкіл елімізге танымал болған біреуі ғана, ол атақты алтын өндіру кеніші – Ақбақай осы қалың құмның төл перзенті.

(Жалғасы 6-бетте)

*Кеше және бүгін*




**Рахымжан ЕЛЕШЕВ,**  
академик:

## «Отан деген – отты сөз»

Кім не десе о десін, мойныма қызыл галстук таққан күнім – ең бақытты күнім секілді еді. Одан сәл есейіп, үздік оқыған, өте тәртіпті, белсенді болған оқушылардың қатарында комсомол қатарына қабылданған күнім төбем көкке жеткендей қуаныш сыйлаған. Осының бәрі бала көңілді құштарландырды, алдағы бақытты өмірге асықтырды. Біз сондай өршіл, талапшыл едік. Біздің бойымыздағы ерік-жігерді алқызыл галстук таққан күндеріміз, өңірімізге Лениннің бейнесін қадап жүрген жылдарымыз шыңдады. Біздің қай-қайсымыз да ширығып өстік, алдымыздан қандай қиыншылық кездесе де, қаймықпай қарсы шабатын қайтпас-қайсар боп есейдік. Әділдіктің жеңетініне сеніп ер жеттік.

(Жалғасы 8-бетте)



Мемлекеттік құпияны жария еткен бұрынғы полиция қызметкері Ресейден әкелінді. Бұдан бөлек, А.Шарков алаяқтық жасап, жәбірленушілерге 4 057 399 теңге көлемінде зиян тигізген.



Оңтүст Қазақстан ақылы жоқ Бір күзет е келік иеле ерқайсысы теңгеден 2 мың теңге ақша алып Мұнысы за болып шы

## МІНБЕР

(Басы 1-бетте)

**Нұрлан Ерімбетов:** Сіз зангерсіз. Құқық қорғау жүйесіне қатысты реформаның құлдырауға түскенін досыңызға неге айтпайсыз? Былтыр енді ғана қолға алына бастаған кезде бәрі жақсы сияқты еді. Бұл туралы сөзді президенттің аузына да салды. Қазір қарасам, мұның бәрі министрлікті бөлшектеуге, қалталы комитеттерді өз қарамағына алуға, бауырын қызметке тұрғызуға арнап жасаған тәрізді. Бұдан қылмыс азайған жоқ. Бір-бірімен соғысып келген құқық қорғау ор-

жақтадық. Партиядан кетуге бұл басты нәрсе емес.

**Нұрлан Ерімбетов:** Сіздер қатты сөзге келген тәріздісіздер. Идеялық қайшылықтар да болған. Бірақ араларыңыздағы мәселені сыртқа шығармауға өзара келіскен сияқтысыздар. Джентлмен ретінде.

**Мақсұт Нәрікбаев:** Ракмет. Бұлай бағалау да жаман емес.

**Нұрлан Ерімбетов:** Қазір ізгілендіру мәселесі көтеріліп жатыр. Бизнес құрылымдар көп салаға әкімшілік жаза тағайындауға күшті лобби жасауда. Бұдан

әлдеқашан енгізілген.

Лобби жасау барлық елдерде бар. Идея авторы қашан да лобби жасайды. Бұл жүзеге асса, елдің дамуына серпін береді деп сенеді. Біздің партия лобби жасау туралы заң қажет екенін қолдайды. Бұл лобби жасаушыларды ресмилендіретін еді. Лобби жасай берсін, бірақ мұның кімнің мүддесі, қандай мақсатты көздейтінін ашық көрсетуі керек. Көп адамдар бұл мәселені сыбайлас жемқорлықты заңдастырумен тең көреді. Бұл дұрыс пікір емес.

**Нұрлан Ерімбетов:** Жана Білім министрі Бақытжан Жұмағұлов кейбір жоғары

Мақсұт НӘРІКБАЕВ:

# Үміт – үшінші буында

гандары әлі де соғысып жатыр.

**Мақсұт Нәрікбаев:** Мәлімдемелеріммен толық таныс емес тәріздісіз. Президент жанындағы құқық қорғау кеңесінің мүшесімін. Ол жерде бұл мәселе жайында мәселе көтергенмін. Ол БАҚ арқылы тараған. Мұның мемлекет басшысын арандату, кезекті арандатушылық екенін айтқанмын. Бұл құқық қорғау органдарын реформалау емес – профанация. Кейбіреулер өз ойындағысын іске асыру үшін заңсыз құқықтық тәсілдерді қолданды. Тоғыз ай бұрын жарлыққа қол қоярдың алдында Президент Кеңесінің сөздерінің



оқу орындарының лицензиясын алып, жауып тастайтынын айтты. Сіз қауіптенбейсіз бе? Зангерлер қайда қарап отырған, сонда? Сіздің әріптестеріңіз, түлектеріңіз қайда еді? Жұмағұлов: «Көріңіз бе, сіздердің университеттеріңіз бір-де-бір жақсы зангер дайындап шықпады», – деп жауып тастаса немесе университетіңізді колледжге айналдырса, қайтесіз? Колледж директоры де жаман емес сияқты ма, қалай?

**Мақсұт Нәрікбаев:** Мен бір жоғары оқу орнының директоры болсам деп ойлап та көрген жоқпын... Жұмағұлов біздің университетімізді қорғау деп айтты. Мақсұт

Президент Қазақстан соттарының 5-съезінде сөз сөйледі. Онда сот әкімшілігі жөніндегі комитеттің жақсы қырынан көрінгенін, оны әрмен қарай жетілдіру, дамыту керек екенін айтты. Тіпті соттар әділ шешім шығарумен еркін айналысып, ұйымдастыру кезеңдеріне уақыт бөлмес үшін, бұл комитетті Жоғарғы соттан бөліп алу керектігін де сөз етті. Реформа не берді? Бұл он жыл бойы тәжірибе жинаған комитетті түбегейлі жойды. Менің сөздерім Президентке жеткен болар.



**Нұрлан Ерімбетов:** Әріптесіңіз Серік Әбдірахмановқа қарағанда, сіз партияңыздың қанша мүшесі бар екенін білетін шығарсыз?

**Максұт Нәрікбаев:** Көңіліне келеді екен. Әрине, ол жақсы біледі. Бәлкім, сұрақтарыңызбен қатты састырған шығарсыздар. Өз партиясында қанша адам бар екенін айта алмай үшін, мұндай саясаткерді қатты қыспаққа алу керек шығар. Өзім көргенім жоқ, бірақ естігенде қатты таңырқадым. Біз тіркелгенде 63 мың мүшеміз болды. 6 мыңдай адам анкета толтырғанда жіберген қателіктері үшін тізімнен алынды. Сәуір айында партиямызға 7 жыл толады. Осы уақыт ішінде 20 мыңдай адамды қабылдадық. Демек, партиямыздың 83 мыңдай мүшесі бар.

Шынтуайтына келгенде, мүшелерінің санына қарап баға беруді жақтамаймын. Қалтасында бір партияның билеті бар адамның басқа бір партияға дауыс беруі де мүмкін...

...Әбдірахмановпен арамызда ешқандай кикілжің болған жоқ. Аз ғана көзқарас қайшылығы болған шығар. Ол консервативті идеяға қарсы болды. Біз социал-консерватизмді

былай экономикалық қылмыс жасаған адам айыппұл төлеп түрмеге отырмайтын болады. Сіздің пікіріңізше, бұл депутаттарды, министрлерді, сіздердің беделдеріңізді пайдаланып түзіліп жатқан коррупциялық кесте емес пе? Мысалы, бір бизнесмен үлескерлердің ақшасын жинап алып, түк те бітірмейді. Бұрын бұл үшін 10 жылға сотталатын болса, енді айыппұл төлеп, жайбарақат жүре беретін болады. Бірақ соның кесірінен үлескерлердің екеуі жүрек ауруынан қаза болып, он отбасының шаңырағы ортасына түседі. Бірі атылып өлсе, екіншілері күйіктен араққа салынып кетеді. Бұл кәсіпкер бірнеше адамды өлтірген болып саналмай ма? Бұл жауапкершіліктен қашу емес пе?

**Максұт Нәрікбаев:** Қылмыстық жауапкершіліктен бірнеше бап алынып тасталды. Бұлар іске аспайтын бабтар еді. Қоғам да, органдарымыз да бұл қылмыс түрлерімен күресуге қауқарсыз. Бірақ бұл органдар мұны жойып ізгілендіру шарасын жасағандай түр көрсетті. Біреудің қалтасындағы ақша екінші біреудің қалтасына кету түріндегі сыбайлас жемқорлық еліміздің заң шығарушылық қызметіне

қоймайтын болуы керек. Себебі, сыртымыздан сынап жатқандарға қарамастан, біз көркейіп келеміз. Сапаның жақсаруына жұмыс істедіміз...

**Нұрлан Ерімбетов:** Қазір сайлау туралы әңгіме көп айтылып жатыр. Партияңызда: «Аға, мен үміткер болайыншы, бағымды сынап көрейінші» деп ұсыныс жасағандар болды ма?

**Максұт Нәрікбаев:** Болған жоқ. Олар маған қарайды, менімен кенеседі. Бұл – бір. Екіншіден, біз референдумды, президентті қолдаймыз деген құқықтық шешім қабылдадық. Коалицияға кірдік. Халықтың алдында шешімімізді ашық жариялаған соң, сайлауға үміткер шығарғанымыз қисынды бола қоймас.

**Нұрлан Ерімбетов:** Президентке кім бәсекелес бола алады деп ойлайсыз?

Сайлауға Амантай қажыларды иіріп сала береміз бе? Мұны доғару керек секілді.

**Максұт Нәрікбаев:** Сайлауға түсем деп мәлімдегендер шетінен жарап тұр. Өз көзқарасы бар. Қолынан да іс келеді. Бірақ олар Назарбаевтың кандидатурасына лайықты бәсекелес бола алмайды.

Радикалды оппозициялық күштердің бірігіп, бір үміткер ұсынғанын қалаймын. Назарбаевқа қарсылас бола алатын адамдар бар екенін халық көруі керек. Президенттің қасында да ондай адамдар бар. Оның жанында қазір менің буынымның өкілдері жоқ. Жалғыз өзі қалды. Менің көзқарасымша, Президент бізден кейінгі екінші, үшінші буынға үміт артып отыр. «Елу жылда ел жаңа» деген қазақта мақал бар. Елді жанартатын осы буын сияқты.

## Қазақы REALIZM

Киіктің  
ескі мүйізін  
сатып аламын

87004272852 87772659721 87011289267

Қаратпа с

Дани



шақты партияны оппозиция алаңдар мен мінберлерде саясаттанушылардың қолында Алайда рейтингтері нәлі